

ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА БАҚ-ТЫҢ ӘСЕР ЕТУІНІҢ КЕЙБІР АСТАРЛАРЫ

*Бюжеева Б.З.¹, Әліпбаев А.Р.², Әбдінағи Ж.С.³

¹Т.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы, Қазақстан, buyzheeva@mail.ru

²Т.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы, Қазақстан, alipbayev19@gmail.com

³ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 2 курс магистранты,
Алматы, Қазақстан, zhansaya.abdinagi@mail.ru

Аңдатпа. Мақала бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы этносаралық қатынастарға әсер ету мәселелерін қарастыруға арналған. Ақпараттық кеңістіктің кеңеюі және ақпараттық қоғамды қалыптастыру шеңберінде цифрлық және спутниктік байланыстардың дамуы, интернет пен компьютерлік технологиялардың енгізілуі, БАҚ қызметінің трансшекаралық сипатқа ие болуына әсер етті. БАҚ әлемдік саяси өзара әрекеттесудің ерекше бір бөлігі болып табылады. Соған байланысты ол халықаралық және ұлттық деңгейлерде халықтар мен елдердің дамуына айтарлықтай әсер ететін этносаяси үрдістің жүру бағытына ықпал ете алады.

Бүгінгі таңда БАҚ этносаяси өзара әрекеттесудің ықтимал нәтижелерін айқындайтын саяси құралға айналууда. Айқындалатын нәтижелер ұлтаралық тепе-теңдікті қамтамасыз етуден, шағын этникалық қауымдастықтардың құқықтарын қолдаудан, ұлттық және жалпы мемлекеттік мүдделерді үйлестіруден бастап, шовинизмді, экстремизмді, жергілікті ұлтшылдықты және этносаяси қақтығыстарды қоздыруға дейін өзгере алады.

БАҚ-тың этномәдени өзара іс-қимылдың маңызды мәселелерін жариялау кезінде әлеуметтік жауапкершілігінің болмауы қақтығыс әлеуетінің артуына және тіпті қақтығыстардың одан әрі өршуіне әкеледі. Соған байланысты қазір БАҚ әсіресе этникалық мәселелерде жоғары қақтығыстық әлеуетімен сипатталатын ерекше әлеуметтік сала ретінде танылып отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары этникалық топтарды қате сипаттауы арқылы, теріс «этникалық бейнелерді» құру арқылы этносаралық қарама-қайшылықты тереңдете алады. Ұлтшылдық, ксенофобия, кемсітушілік, этникалық көші-қон, этносаралық қайшылықтар, этносаралық қақтығыстар, сондай-ақ лаңкестік, діни экстремизм сияқты этносаяси қатынастардың өткір мәселелеріне БАҚ-тың реакциясы ерекше маңызға ие.

Тірек сөздер: этносаралық қатынастар, БАҚ, медиа кеңістік, этносаясат, этносаралық қақтығыс, толеранттылық, этникалық топ, ақпарат.

Негізгі ережелер

Қарқынды дамып келе жатқан жаһандану сөзсіз этникалық, жергілікті және жалпыазаматтық өзін-өзі танудың жандану үрдістерімен бірге жүреді, бұл этноұлттық элиталардың аумақтар, табиғи және адами ресурстар үшін жасырын күресінің күшеюіне әкеледі. Көптеген елдерде этносаралық алауыздықты қоздыруға шақыруға мүмкіндік беретін ақпарат құралдарының ауқымы кеңейіп келеді. Осыған байланысты этникалық қатынасқа негізделген қылмыстардың саны да едәуір артып, этносаралық қатынастардағы шиеленіс күшейе түсуде.

БАҚ этникалық мәселені жария етуде белгілі бір мақсатты көздеп те, журналисттердің кәсіби біліктіліктерінің жетіспеушілігінен байқаусыз да қақтығыстың туындауына немесе өршуіне әсер етуі мүмкін.

Кіріспе

Қазіргі әлемде адам көп жағдайда болып жатқан оқиғаларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біледі және оған сенімділікпен қарайды. Бұқаралық ақпарат құралдарын "төртінші билік" ретінде көрсету оны көбінесе тек манипуляциялық ресурс ретінде қарастыруға байланысты сынға ұшырап отырғанына қарамастан, оның қоғамға әсеріне ешбір зерттеуші күмән келтіре алмайды. Бір жағынан ол өмірдің барлық салаларына жан-жақты бақылауды жүзеге асырса, екінші жағынан - "күн тәртібін" анықтайды, яғни жұртшылыққа маңызды деп саналатын тақырыптардың, мәселелердің жиынтығын ұсынады [1]. Өмірде шынайы болып жатқан барлық маңызды оқиғалардың ақпараттық бейнесін жасайды. Тиісінше оның оқиғаларға қатысты өз көзқарасы мен әрекет ету себептері болуы мүмкін. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары қаншалықты шынайы болса да, олар мәселенің шектеулі бөлігін беретінін атап өткен жөн.

Америкалық ғалым Г. Лассуэлл БАҚ-тың қызметіне қатысты келесі төрт негізгі функциясын атап өтті: 1) әлемді бақылау, яғни ақпарат жинау және тарату; 2) редакциялау, яғни ақпаратты таңдау және оған түсініктеме беру; 3) қоғамдық пікірді қалыптастыру; 4) мәдениетті тарату [2].

Бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың шыдамдылық немесе шыдамсыздық идеялары мен көзқарастарын, оның ішінде этносаралық өзара іс-қимыл саласындағы көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Көп жағдайда БАҚ-тың қызметтік бағытына, журналисттердің азаматтық ұстанымы мен жауапкершілігіне байланысты елде, аймақта этносаралық бітімгершілік болады немесе алауыздық өршіп, ұлтаралық текетірес пен экстремизмге әкелетін шиеленістер күшейе түседі. Негізі азаматтық қоғамдағы демократиялық БАҚ шыдамдылықты адамдардың қоғамдық санасы мен мінез-құлқының күнделікті өлшеміне айналдыруға тырысуы керек.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамдардың санасына берілетін этникалық ақпарат шыдамдылықтан алыс болуы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарында адамдардың өміріндегі қарапайым этнографиялық фактілер мен ерекшеліктер көбінесе саяси мақсаттарда қолданылып жатады. Бұл өз кезегінде полиэтникалық ортада төзбеушіліктің қалыптасуына, адам құқықтарының бұзылуына, зорлық-зомбылық пен қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Мақаланың негізгі мақсаты бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық санаға әсер ете отырып, ұлтаралық және этносаралық қайшылықтарды тегістеу құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге ашық қақтығыстар туғызып, оларды жеке тұлғалардың, саяси бірлестіктердің, мүдделі топтардың, этникалық жақтаушылардың мүдделері үшін әдейі немесе кәсіби қабілетсіздігіне және

басқа да себептерге байланысты оларды аңдамай қоздыруы мүмкін екендігін көрсету.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Қазіргі кезеңде көптеген зерттеулерде этномәдени, этноконфессиялық, этносаяси үрдістерді бейнелеудегі БАҚ рөліне арналған жұмыстардың ерекше тобы қалыптасуда. Этносаралық қайшылықтарды көрсетуде, сондай-ақ этносаралық шиеленісті зерттеуде бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне Р.Г. Абдулатипов, В. А. Тишков сияқты ресейлік зерттеушілер ерекше назар аударған. Бұқаралық ақпарат құралдарының этнологиясын дамытатын Б. К. Малкованың іргелі еңбектері "этникалық журналистика" феноменін дамытуға негізделеді.

Ал Балқандағы бұқаралық ақпарат құралдарының әрекеттері мен олардың қақтығыстың жүруіне әсерін Кемаль Курсахич «Прайм-тайм қылмысы: соғыс пен бейбітшіліктегі Балқан бұқаралық ақпарат құралдары» еңбегінде баяндап береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының этносаралық қатынастар контекстінде қоғамдық пікірді қалыптастыруға қатысуын И. В. Ладодо қарастырды. Г.Лассуэлл әскери дағдарыс жағдайында қоғамдық пікірге тиімді ақпараттық әсер ету құралдарын талдады.

Мәселені зерделеу барысында мақалада қоғамдық-саяси белсенділікті зерттеу әдістері қолданылды. Бұл жүйелік, құрылымдық-функционалдық, тарихи-салыстырмалы, әлеуметтік-психологиялық әдістер.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы этносаралық қатынастарды сипаттау әдіс-тәсілдерін зерделеу барысында статистикалық, саяси-құқықтық және әртүрлі сараптамалық бағалау технологиялары кеңінен пайдаланылды. Этномәдени, этносаяси үрдістерге арналған БАҚ жарияланымдарындағы мүдделік қарама-қайшылықтарды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туғызған аналитикалық тәсілді атап өтуге болады. Қазіргі кезеңдегі этносаралық мәселелерді жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарының ұстанымдарын бір-бірімен салыстырмайынша, оларды толыққанды түсіну және олардың ұстанымдарының ішкі мәнін ұғына қою мүмкін емес десе болады. Сондықтан да мәселені теоретикалық және әдістемелік тұрғыдан зерттеудің негіздерінің бірі салыстырмалы сараптама болды.

Сондай-ақ жалпы логикалық (жалпы ғылыми) әдістер: синтез, талдау, аналогия, типология, дедукция, индукция және әлеуметтану әдістері: бақылау, нормативтік-құқықтық құжаттар мен БАҚ материалдарын контент-талдау қолданылды.

Нәтижелері

Қазіргі уақытта барлық жерде кеңінен таралған бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары еріксіз және көбінесе саналы түрде қоғамды ашық талқыланатын өткір этносаралық мәселелердің жақтаушылары мен

қарсыластарына бөледі. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен бұл үрдістерді ерекше формада жариялау кейде бұқаралық этникалық сананы қоздырады, көбінесе этникалық сезімдер мен халықтың мүдделеріне әдейі әсер етеді. Мұның бәрі этникалық өзін-өзі танудың жандануына әкеледі. Ол өз кезегінде кейбір елде екінші тарап жағынан айтарлықтай қарсылықтың туындауына негіз болуда.

Адамдардың бір аймақтағы өзге топқа деген дұшпандық пен жеккөрушілік сезімдері бұқаралық ақпарат құралдарының әрекеті арқылы өзге аумақтарда да осындай үрдістерге себепші болып жатады. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалымен көптеген адамдардың этникалық өзін-өзі тануы жасанды түрде қозғалады, теріс этносаралық қатынастар қалыптасады, жаппай этникалық көзқарастар таралады, нәтижесінде ксенофобия күшейіп, қоғамдағы этносаралық шиеленіс ұлғаяды [3]. Қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары шыдамды немесе жанжалды бұқаралық этникалық сананың қалыптасуына, оның тез ұйымдасуына және сайып келгенде этносаралық қатынастарды реттеуге әсер етудің негізгі тетіктерінің бірі ретінде қызмет жасайтындығын да байқауға болады.

Этносаралық қатынастарды реттеу үшін де бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі зор екендігін ескерген жөн. Бұқаралық ақпарат құралдарының адами ой-өрістер мен олардың бір-біріне деген көз-қарастарын қалыптастыру жолындағы қызметін ғылыми тұрғыдан зерделеумен қатар олардың этностарға қатысты жариялымдарын мұқият ғылыми негізде бағалау өзіндік маңыздылығын жойған емес.

Талқылау

Бұқаралық ақпарат құралдарына талдау жүргізу және сол арқылы этникалық мәселелерді жария етудің негізгі тәсілдерін анықтау 1970 жылдардан бастап қалыптасты [4]. Соған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлі этникалық қақтығыстар мен мәселелерге көзқарасты қалыптастыру үшін қолданатын құралдарының сан қилы екендігі белгілі. Олардың қатарында:

- зорлық-зомбылық нысанын көрсете отырып, зорлық-зомбылықты рұқсат етілген құрал ретінде жариялау, қолдау;
- кемсітушілікті қолдау;
- тарихи немесе қазіргі заманғы зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің мысалдарын насихаттау;
- этникалық немесе діни топтың жағымсыз бейнесін жасау;
- белгілі бір этникалық немесе діни топтың тарихи қылмыстары туралы мәлімдемелер;
- белгілі бір этникалық немесе діни топқа жататын қоныс аударушылардың аймақта бекітілуіне жол бермеу туралы үндеулер;
- этникалық топты билікті басып алуға немесе аумақтық кеңеюге талпыныс жасады деп айыптау және т.б. атап өтуге болады [5].

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы этникалық қақтығыс мәселелерін сипаттауда кезеңге байланысты өзгерістерді көруге болады. Мысалы 1990 жылдардың басы мен 2000 жылдардың ортасында этникалық қақтығыстарды сипаттау тәсілдері айтарлықтай өзгерді. Бұл кезден бастап ақпараттар адамның ішкі жандүниесіне қатты әсер етуді негізге алғандай.

Қоғам эмоциясына әсер ету арқылы қақтығыстардың негізгі қатысушылары алауыздықты сол қоғамды қатаң бақылауда ұстауға пайдаланады [6]. Мысалы қақтығыстағы әлсіз тарап қақтығысты "әлеуметтендіргісі" келеді. Яғни қоғамның көкейкесті мәселелерін алға шығаруға талпынады. Сол арқылы күрес барысында өзін жақтаушылардың санын арттыруға талпынады. Ал күшті тарап қақтығысты "жекешелендіруге" ұмтылады, яғни қақтығысқа назарды азайтуға немесе қақтығыс туралы адамдардың хабардар болуын шектеуге тырысады. Екі жағдайда да қақтығыс әлеуетінің жоғарылауы орын алуы ықтимал.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қарама-қайшылықтың өршуіне ықпал еткен кезіне айқын мысал: Балқандағы бұқаралық ақпарат құралдарының әрекеттері. Әр тарап, сербтер де, хорваттар да өз халқы арасында "біз оларға қарсымыз" деген ойды насихаттады. Бұл уақытта БАҚ этникалық шиеленістің жалынын тұтандырудан басқа, азшылықтың объективті көзқарастарын білдірмей, бітімгершілік әрекеттерге кедергі келтіргені үшін де кінәлі болды. Бұқаралық байланыс құралдары толеранттылықты, бейбітшілікті және келіссөздерді жақтайтындарға дауыс бере алады, бірақ Белградта соғысқа қарсы шыққандар сатқын деп жарияланды. Балқандағы оқиғаға сүйене отырып "Демократиядағы БАҚ" институтының негізін қалаушы Кемаль Курсахич кейбір ұсыныстарын айтқан болатын. Олар: халықаралық делдалдардың баспасөз бостандығын қақтығыстарды шешудің кез-келген үрдісінің ажырамас бөлігіне айналдыру; бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің қақтығыс аймақтарына қауіпсіздігі мен қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін үкіметтердің есеп беруін қамтамасыз ету қажеттілігі; бұқаралық ақпарат құралдарын бақылау арқылы жанжалдарды жариялаудағы стандарттар, тепе-теңдік және этика мәселелерінің маңызын түсіндіру [7].

Кейбір БАҚ-тың ұлтаралық жағдайды шиеленістіру бойынша қызметі бұл қандай да бір тараптың пайдасына бағытталған мақсатты саясат деп ойлауға мәжбүр етеді. РФА Этнология және антропология институтының директоры В. А. Тишковтың айтуынша, "қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарынсыз қақтығысты ұйымдастыру іс жүзінде мүмкін емес, және олар бұрыннан қақтығыстың алғашқы кезеңінің бөлігін құраған" [8]. Біз жиі кездесетін қақтығыстар этноконфессиялық сипатқа ие. Сондықтан журналистиканың маңызды міндеттерінің бірі - толеранттылық тұрғысынан этникалық және көпмәдениеттілік мәселелерін жариялау. Бірақ қазір БАҚ-тың тіпті қылмыстық іс-әрекеттерге қатысты этникалық тақырыпты қозғайтыны жиі байқалады, яғни этникалық қылмыс тақырыбы өзекті болып табылады.

Халықаралық тәжірибеде қылмыскердің ұлтын да, дінін де қажетсіз кезде айтпау талабы бар. Мысалы, қылмыстар туралы ақпараттарды жариялау кезінде

күдіктінің немесе қылмыскердің қандай да бір діни, этникалық немесе басқа азшылыққа жататындығы бұл істің сипатталған мән-жайларын жақсы түсінуге ықпал етеді деп санауға негіз болған жағдайда ғана айтылады. Дегенмен оқырманның назарын тараптардың этникалық ерекшеліктеріне аударатын БАҚ аз емес. Ол өз кезегінде этностар арасындағы түсініспеушіліктердің туындауына алып келуі мүмкін. Яғни, БАҚ үшін жеке адамдар мен ұжымдардың қылмыстық белсенділігі олардың этникалық тегіне тікелей байланысты болып тұр. Бір қызығы, этникалық көпшілікке жататын адамдар мен топтардың қылмыстық әрекеттері сирек жағдайларды қоспағанда, "этникалық" деп анықталмайды.

Этникалық, мәдени және діни мәселелер өте сезімтал келеді, әсіресе оларға байланысты бұқаралық ақпарат құралдардың оқиғаларды теріс сипаттауы арқылы нәсілшілдік дискурсы нығаюы мүмкін. Көптеген баспа және электронды басылымдардың жалпы бағыты "өз" және "бөтен" субъектілердің айқын бейнесін көрсету болып табылады [9]. Олар қолданатын нәсілшілдік кемсітушілік тәжірибесінің күшті түріне жатады. Мысалы Еуропалық газеттерде қоныс аударып келгендерге байланысты халықтық наразылық, кемсітушілік жағдайлары, радикалды нәсілшіл партиялар және т.б. сияқты тақырыптар өте танымал.

Мемлекет ішінде ішкі жау бейнесін жобалау - бүгінгі күнге дейін тиімді болып келе жатқан кең таралған саяси технологиялардың бірі. Ол халықтың назарын басқа да күрделі мәселелерден алшақтатуға қызмет етеді. Мысал ретінде 2013 жылы Нурлаттағы (Татарстан Республикасы) қақтығысты қарастырайық, онда баспасөздің айтуынша, "жергілікті тұрғындардың келуші кавказдықтармен жаппай қақтығыстары" орын алды. Жаңалықтар сайттарында орналасқан мақалалардың тақырыптары жанжалдың бұқаралық ақпарат құралдарында этносаралық деп түсіндірілетінін анық көрсетеді. Бірақ "Дағыстан халықтарының бірлестігі" қоғамдық ұйымының жетекшісі қақтығыстың ешқандай ұлттық негізі жоқ екенін және шиеленіс БАҚ-тың ұлттық тақырыпты қозғағанынан туындағанын атап өткен болатын. Нұрлаттағы оқиғалар туралы Дағыстан диаспорасының басшысы да: "қақтығыстың ұлттық негізі жоқ" екенін мәлімдеді [10].

Қақтығыстар мәселесіндегі әлеуметтік желілердің де рөлін ұмытпау қажет. Әлеуметтік медианың рөлі және олардың қақтығыстарға байланысты бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесуі, әсіресе "араб көктемінен" кейін әлі толық зерттелмеген сала ретінде көрінді [11]. «Араб көктемі» көтерілістерге және қарулы қақтығыстардың басталуына әкелетін әлеуметтік жұмылдырудағы әлеуметтік медианың маңыздылығын көрсетіп берді. Ол Сирия мен Ирактағы сияқты қақтығыстар мен тіпті қарулы әрекеттерді әлеуметтік медиа платформалары арқылы қалай үйлестіруге болатындығын көрсетті.

2020 жылы Эфиопиядағы қарулы қақтығыс этникалық факторларға байланысты қақтығыстардың шиеленісуіндегі бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердің өзара әрекеттесуінің мысалы болып табылады. Бұл

кезде белгілі бір топтарға бағытталған зорлық-зомбылық көріністерін әртүрлі қарама-қарсы қарулы субъектілер жасады [12]. Алайда, әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әртүрлі этникалық топтарға қатысты зорлық-зомбылықтың күшеюі орын алған болатын. Әртүрлі саяси топтар бұқаралық ақпарат құралдарын басқа топтар елдің бірлігіне қауіп төндіреді, бұл өте поляризацияланған саяси ортаға әкеледі деген әңгімесін насихаттау үшін пайдаланды, әлеуметтік медида әртүрлі топтарды жою сияқты зорлық-зомбылық ашық насихатталды [13]. Бұл азаматтық соғыста өте қауіпті, өйткені қақтығыс жаппай қатыгездік пен геноцидке айналуы мүмкін.

Дэвисон жеккөрушілік саясатын сәтті жеткізу мүмкіндігі бірқатар факторларға, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауға байланысты деп болжайды [14]. Мысалы жаппай жұмылдыру үшін "нацистік және фашистік партиялар баспасөз, урбанизация және бұқаралық коммуникация туралы заңдарды қолданды. Сол сияқты Руандадағы хуту экстремистері ультра ұлтшыл желілерді құрды және маңызды бұқаралық ақпарат құралдарын басқарды. Геноцид, қатыгез қырғындар, зорлауды геноцид құралы ретінде пайдалану Руандадағы этникалық зорлық-зомбылықтың белгілері мен нәтижелері болды. Бұл елде бұқаралық ақпарат құралдары қақтығыстың өршуінде теріс рөл атқарды және кісі өлтірушілерге қызмет етті. «Libre des Mille Collines жеке телерадиокомпаниясы» мен «Руанда ұлттық радиосы» азаматтар арасында этникалық өшпенділікті қоздыруда белсенді рөл атқарды, бұл хуту халқын 1994 жылы тутси арасынан кем дегенде жарты миллион адамды өлтіруге мәжбүр етті [15]. Ұлттық радионың репортажы ұлттық қауіпсіздік тек азшылықтың пікірлерін ғана емес, азшылық мүшелерінің өзін жоюға байланысты деген түсінікті нығайтты. Бұқаралық ақпарат құралдарының қақтығыс аймақтарында осындай күшті ықпалына байланысты БҰҰ бұқаралық ақпарат құралдары саласында жаңа саясатты қолданады. Қақтығыс кезінде Руандада БҰҰ-ның қолбасшысы болған Генерал Даллердің айтуынша, хутудың хабарларын жай ғана бұғаттап, оларды бейбітшілік пен татуласу туралы хабарламалармен алмастыру оқиғалардың барысына айтарлықтай әсер етті [16]. Руандадағы қақтығыс пен геноцидтің шиеленісуіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлінің айқындылығы соншалық, тіпті БҰҰ трибуналының үкімдерімен расталды. Руандадағы геноцидтегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі туралы сот шешімінде "бұқаралық ақпарат құралдарында өшпенділікті қоздыру - бұл геноцид, геноцидке итермелеу және адамзатқа қарсы қылмыстар" деп айқындалды. Яғни БАҚ – қоғамда гуманизм идеяларын, азаматтар мен халықтардың теңдігін, шыдамдылық пен бітімгершілік идеяларын қалыптастыруға және нығайтуға әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналуы керек.

Қорытынды

Этникалық қақтығыс халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке үлкен қауіп төндіреді. Балқан, Шешенстан, Украина, Үндістан, Шри-Ланка, Ирак, Израиль, Батыс жағалау және Газа секторы, сондай-ақ Сахараның

оңтүстігіндегі Африка елдерінің көпшілігі, әсіресе Ұлы көлдер аймағы – этникалық қақтығыс қаупінің қалдықтары.

Әрине бұл мәселені тудырушы және оған әсер етуші факторлар өте көп. Дегенмен ондағы қоғамдық пікірдің орнын елемеу мүмкін емес. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының этносаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарының осы мәселені этностардың бейбіт өмір сүруін саяси тұрғыдан дұрыс жариялауы, мемлекеттік ұлттық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін жан-жақты түсіндіру, оны жоспарлы түрде іске асыру – қоғамды тұрақтандырудың және ұлттық құрылысты нығайтудың сенімді белгісі болып табылады.

Жалпы этносаяси бірегейлікті қалыптастыру әрі ұлтаралық және этносаралық қайшылықтарды бәсеңдету үшін бұқаралық ақпарат құралдарын бақылау қажет. Бірақ ол бақылау жалған ақпараттардың таралмай, шындықтың бейнеленуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дәрежеде ғана орын алуы қажет. Өйткені деректердің мақсатты немесе кездейсоқ бұрмалануы этносаралық қайшылықтардың шиеленісуіне әкеледі.

Этникалық тақырыптарда жазатын журналист мүмкіндігінше сақ болуы керек. Себебі ол біріншіден, этногенез мәселелері бойынша маман болмағандықтан, жалған дереккөздерді пайдаланудан сақтандырылмаған, екіншіден, мұндай материалдарда титулдық этностардың қайта өрлеу мәселелері қозғалуы мүмкін. Ал бұдан көші-қон мәселесі, оның ішінен еңбек тақырыбы шығады.

Бүгінгі күні қоғам дамуының қазіргі кезеңінде жаңа этносаяси ойлау пайда болуда. Ол таптардың, ұлттар мен этностардың күресінен бас тартуды, оларды рухани жаңғыру мен адамзаттың бірлігіне қозғаушы күш ретінде қарауды көздейді. Яғни, формациялық, таптық және партиялық тәсілдер өркениетті, гуманистік тәсілдермен алмастырылады, ал жаңа әлемдегі ұлттар мен ұлттық қатынастар теориясы идеялардың плюрализміне негізделген этно-ұлттық қатынастар мен оларды институттандырудың жаңа модельдеріне негізделген. Өркениеттің жаңа кезеңінде этносаяси мәселелерді шешудің революциялық және күштік әдістерін қолданудың орнына эволюциялық, саяси инновациялық әдістер қолданылуы керек. Мұның бәрі, шын мәнінде, ұлттық саясатты тиімді іске асыру мақсатында БАҚ-тың іс-әрекетіне бақылау орнатуға алып келеді. Осылайша, этноұлттық саясаттың ең жоғары мақсаты, сондай-ақ осы саладағы БАҚ-тың мақсаттары мен міндеттері жеке азаматтың да, мемлекетте тұратын нақты этностың да ұлттық қажеттіліктері еркін және барынша толық қанағаттандырылған қоғамды қалыптастыру болуы керек. Сонымен қатар, мұндай саясат олардың заңды мүдделеріне нұқсан келтірмеуі керек, ол шиеленістер мен қақтығыстарды болдырмауға шақырылуы керек. Осы мақсатқа қол жеткізу әр этностың этникалық өмірін, олардың тең даму дәстүрлерін сақтай отырып, көбеюіне тиісті жағдайлар мен тетіктер жасауды көздейді [17].

Қақтығыстардың алдын алуға және тұрақтылықты сақтауға мүдделі тараптардың жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарын қолдауы маңызды.

Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе соғыстан зардап шеккен қауымдастықтардың сенімділігін, елдің болашағына деген үміттерін арттыруға көмек бере алады. Сонымен қатар бейбіт қоғамға үлес қосу мүмкіндігіне қатысты ойларды таратуға да қауқары бар.

Осыған байланысты мемлекеттердегі бұқаралық ақпарат құралдарына және баспасөз бостандығына қатысты кепілдіктер, сондай-ақ оқиғаларды кәсіби, объективті, бейтарап жариялауға жәрдемдесу жөніндегі күш-жігер қақтығыстық әлеуеті бар мәселелерді дұрыс жариялауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Толерантность и культура межнационального общения: Учебно-методическое пособие (для студентов вузов). – Краснодар: Просвещение-Юг, 2009. – 307 с.

[2] Lasswell H. D. The structure and function of communication in society // In: L. Bryson (Ed.), The communication of ideas. - New York: Harper and Row, 1948. – P. 37-51.

[3] Кугай А. И. Расистский дискурс электронных СМИ как фактор создания межэтнических конфликтов // Управленческое консультирование. - 2015. - № 1.- С. 132-137.

[4] Rodionova E.V., Balan K.A. Representation of Ethnic Conflict in the Media in the Post-Soviet Period // Вестник СПбГУ. История. - 2020. – Т.65. Вып.2. – С. 519-524.

[5] Малькова В.К., Тишков В.А. Этничность и толерантность в средствах массовой информации. - М.: ИЗА РАН. 2002. – 348 с.

[6] Ладодо И. СМИ и общественное мнение о межнациональных отношениях в Москве. - М.,1995. - С.3-6.

[7] Курсахич К. Prime Time Crime: Балканские СМИ в войне и мире. - US Institute of Peace Press, 2003.

[8] Тишков В.А. Единство в многообразии: публикации из журнала «Этнопанорама» 1999-2008 гг. - Оренбург, 2008. - С.117-124.

[9] Шапалов В. Этнополитика. – Тюмень: Литагент, 2014.

[10] Дәлелдер мен фактілер / АИФ. - 2013. - 6 тамыз. <http://www.kazan.aif.ru/society/details/86966>.

[11] Адеянджу К. Сахараның оңтүстігіндегі Африкадағы бұқаралық ақпарат құралдары және зорлық-зомбылық қақтығыстары // Liberty and International Affairs. – 2018. - № 4 (3). – P. 73-87.

[12] Муна Шифа. Эфиопиядағы этникалық зорлық-зомбылықты қоздырудағы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік медианың өзара әрекеті // Жаңа медиа бойынша курстар жинағы. - Sabar.asia, 2021. – 160 б.

[13] Плаут М. Руандадағы геноцидке лайық Эфиопиялық жеккөрушілік сөздер, Facebook арқылы тасымалданады // Eritrea Hub. – 2021. - 31 қазан. <https://eritreahub.org/ethiopian-hate-speech-worthy-of-the-rwandan-genocide-carried-by-facebook>7>.

[14] Дэвисон Дж. The Hate Politics: Ultrnationalist and Fundamentalist Tactics and Goals // Journal of Hate Studies. – 2006. – № 5. – P. 38.

[15] Laplante L. J., Phenicie K. Mediating post-Conflict Dialogue // Marquette Law Review. – 2009. - № 93.- P. 251-283.

REFERENCES

[1] 'Tolerantnost' i kul'tura mezhnatsional'nogo obshcheniya: Uchebno-metodicheskoye posobiye (dlya studentov vuzov) [Tolerance and culture of the international community:

educational and methodological support (for vuzov students)]. – Krasnodar: Prosveshcheniye-Yug, 2009. – 307 s.

[2] Lasswell H. D. The structure and function of communication in society // In: L. Bryson (Ed.), The communication of ideas. - New York: Harper and Row, 1948. – P. 37-51.

[3] Kugay A. I. Rasistskiy diskurs elektronnykh SMI kak faktor sozdaniya mezhetnicheskikh konfliktov [Racist discourse electronic SMI as a factor in the formation of interethnic conflicts] // Upravlencheskoye konsul'tirovaniye [Administrative consultation]. - 2015. - № 1.- S. 132-137.

[4] Rodionova E.V., Balan K.A. Representation of Ethnic Conflict in the Media in the Post-Soviet Period // Vestnik SPbGU. Istiroiya. - 2020. – Т.65. Вып.2. – S. 519-524.

[5] Mal'kova V.K., Tishkov V.A. Etnichnost' i tolerantnost' v sredstvakh massovoy informatsii [Ethnicity and tolerance in the media Ethnicity and tolerance in the media]. - М.: IZA RAN. 2002. – 348 s.

[6] Ladodo I. SMI i obshchestvennoye mneniye o mezhnatsional'nykh otnosheniyyakh v Moskve [SMI and public discussion of international relations in Moscow]. - М., 1995, P. 3-6.

[7] Kursahich K. Prime Time Crime: Balkanskiye SMI v voyne i mire [Prime Time Crime: Balkan SMI in the war and the world]. - U.S. Institute of peace Press, 2003.

[8] Tishkov V. A. Yedinstvo v mnogoobrazii: publikatsii iz zhurnala «Etnopanorama» 1999-2008 gg. [Unity in many ways: publications from the magazine "Ethnopanorama" 1999-2008 gg. - Orenburg, 2008, P. 117-124.

[9] Shapalov V. Ethnopolitics. - Tyumen, Litagent. 2014.

[10] Dalelder men faktiler [Evidence and facts] // AIF. - 2013. - 6 тамыз. <http://www.kazan.aif.ru/society/details/86966>.

[11] Adeyanju C. Sakharanyñ ontustigindegi Afrikadagy bukaralyk akparat kuraldary zhane zorlyk-zombylyk kakygystary [Media and violent conflicts in Sub-Saharan Africa] // Liberty and International Affairs Magazine. – 2018. - № 4 (3). – P. 73-87.

[12] Muna Shifa. Efiopiyadagi etnikalıq zorlıq-zombılıqtı qozdırwdagi buqaralıq aqparat quraldarı men aleumettik medianın ozara areketi [The Interplay of Mass Media and Social Media in Fueling Ethnic Violence in Ethiopia] // Jana media boyınsa kwrstar jinagi. – Cabar.asia, 2021.

[13] Plaut M. Rwandadagi genocidke layıq Efiopiyalıq jekkorusilik sozder [Facebook arqılı tasımaladanadı Ethiopian hate speech worthy of genocide in Rwanda, transmitted via Facebook] Eritrea Hub.- 2021.- October 31. , accessed: <<https://eritreahub.org/ethiopian-hate-speech-worthy-of-the-rwandan-genocide-carried-by-facebook>>7

[14] Дэвисон Дж. The Hate Politics: Ultrnationalist and Fundamentalist Tactics and Goals // Journal of Hate Studies. – 2006. – № 5. – P. 38.

[15] Laplante L. J., Phenicie K. Mediating post-Conflict Dialogue // Marquette Law Review. – 2009. - № 93.- P. 251-283.

ВЛИЯНИЕ СМИ НА РАЗВИТИЕ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ

***Бюжеева Б.З.¹, Алипбаев А.Р.², Әбдінағи Ж.С.³**

¹к.и.н., доцент Казахского Национального Университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: buyzheeva@mail.ru

²к.и.н., доцент Казахского Национального Университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail alipbayev19@gmail.com

³магистрант 2 курса Казахского Национального Университета имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: zhansaya.abdinagi@mail.ru

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению вопросов влияния средств массовой информации на межэтнические отношения в обществе. Расширение информационного пространства и развитие цифровой и спутниковой связи в рамках формирования

информационного общества, внедрение интернета и компьютерных технологий способствовали приобретению трансграничного и Интерактивного характера деятельности СМИ. СМИ-особая часть мирового политического взаимодействия. В связи с этим он может влиять на ход этнополитического процесса, оказывая существенное влияние на развитие народов и стран на международном и национальном уровнях.

Сегодня СМИ становятся политическим инструментом, определяющим возможные результаты этнополитического взаимодействия. Определяемые результаты могут варьироваться от обеспечения межнационального баланса, поддержки прав малых этнических сообществ, координации национальных и общегосударственных интересов до разжигания шовинизма, экстремизма, местного национализма и этнополитических конфликтов.

Отсутствие социальной ответственности СМИ при освещении важных вопросов этнокультурного взаимодействия приводит к увеличению конфликтного потенциала и даже к дальнейшему обострению конфликтов. В связи с этим сейчас СМИ признаются особой социальной сферой, характеризующейся высоким конфликтным потенциалом, особенно в этнических вопросах.

Средства массовой информации могут углублять межэтническую конфронтацию, ошибочно изображая этнические группы, создавая негативные «этнические образы». Особое значение имеет реакция СМИ на острые вопросы этнополитических отношений, такие как национализм, ксенофобия, дискриминация, этническая миграция, межэтнические конфликты, межэтнические конфликты, а также терроризм, религиозный экстремизм.

Ключевые слова: межэтнические отношения, СМИ, медиaprостранство, этнополитика, межэтнический конфликт, толерантность, этническая группа, информация.

THE INFLUENCE OF THE MEDIA ON THE DEVELOPMENT OF INTERETHNIC PROBLEMS

*Buyzheeva B.Z.¹, Alipbayev A.R.², Abdinagi Zh.S.³,

¹c.h.sc., associate professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: buyzheeva@mail.ru

²c.h.sc., associate professor of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: alipbayev19@gmail.com

³Master's student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhansaya.abdinagi@mail.ru

Annotation. The article is devoted to the consideration of the issues of the influence of mass media on interethnic relations in society. The expansion of the information space and the development of digital and satellite communications within the framework of the formation of the information society, the introduction of the Internet and computer technologies contributed to the acquisition of cross-border and interactive nature of media activities. The media is a special part of global political interaction. In this regard, it can influence the course of the ethno-political process, having a significant impact on the development of peoples and countries at the international and national levels.

Today, the media are becoming a political tool that determines the possible results of ethno-political interaction. The determined results can range from ensuring interethnic balance, supporting the rights of small ethnic communities, coordinating national and national interests to inciting chauvinism, extremism, local nationalism and ethno-political conflicts.

The lack of social responsibility of the media in covering important issues of ethno-cultural interaction leads to an increase in conflict potential and even to further aggravation of conflicts. In

this regard, the media is now recognized as a special social sphere characterized by high conflict potential, especially in ethnic issues.

The mass media can deepen interethnic confrontation by mistakenly portraying ethnic groups, creating negative "ethnic images". Of particular importance is the reaction of the media to acute issues of ethnopolitical relations, such as nationalism, xenophobia, discrimination, ethnic migration, interethnic conflicts, interethnic conflicts, as well as terrorism, religious extremism.

Keywords: interethnic relations, mass media, media space, ethnopolitics, interethnic conflict, tolerance, ethnic group, information.

Статья поступила 12.12.2022